

## **"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 26 мамырдағы N 460 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

### **Қазақстан Республикасының Заңы**

#### **"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы"**

Осы Заң бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, ұлттық экономиканың тиімді жұмыс істеуіне арналған жағдайларды қамтамасыз ете отырып, бәсекелестікке қарсы келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге), үстем жағдайды теріс пайдалануға, шамадан тыс экономикалық шоғырлануға тыйым салу, шектеу және бақылау жолымен әділ және еркін бәсекелестікке ықпал етуге бағытталған.

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

##### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңның мақсатында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
ақпарат - кез келген жеткізгіштерде сақталған, кез келген нысандағы және түрдегі мәліметтер (оның ішінде хат-хабарлар, кітаптар, белгілер, суреттеулер (карталар, диаграммалар, суреттер, схемалар және сол сияқты), фотосуреттер, голограммалар, кино-, бейне-, микрофильмдер, дыбыс жазбалары, компьютер жүйелерінің дерекқорлары немесе олардың элементтерін толық не ішінара жаңғырту), тұлғалардың түсініктемелері және басқа да кез келген көпшілікке жария етілген немесе құжатталған  
м ә л і м е т т е р ;

бәсеке - рынок субъектілерінің өз бетімен жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының бір жақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін және тұтынушыларға қажетті тауарлар өндіруді  
ынталандыратын жарыстастығы;

бірін бірі алмастыратын тауарлар - олардың функционалдық қызметі, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары, сондай-ақ басқа да өлшемдері бойынша салыстыруға болатын, осылайша сатып алушы оларды тұтыну процесінде (өндірісте) бір-бірімен алмастыратын тауарлар тобы;

монополистік қызмет бәсекелестікке, сондай-ақ үстем жағдайды асыра пайдалануға жол бермеуге, шектеуге және жоюға бағытталған нарық субъектілерінің, мемлекеттік орындардың осы Заңға қайшы іс-әрекеттері (әрекетсіздігі);

монополиялық жоғары баға - тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген және бір жылдың ішінде сатылатын тауарлардың саны, сатып алушылар саны мен олардың құрамы бойынша салыстырылатын тиісті тауар нарығындағы бәсеке жағдайында бағаны елеулі көтеретін тауар бағасы, сондай-ақ қол жетімділік жағдайында тауар сатып алушылармен (сатушылармен) бір адамдар тобына кірмейтін және мынадай салыстыратын тауар нарығында үстем жағдайы болмайтын не үнемді негізделген шығындар сомасын көтеретін және осындай тауарды өндірген және сатқан кезде оларды орынды кіріске сәйкестендіруді нарық субъектілері белгілейді;

монополиялық төмен баға - тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген, тауарды сатып алушылармен (сатушылармен) бір адамдар тобына кірмейтін және салыстырмалы тауар нарығында үстем жағдайы болмайтын салыстырмалы тауар нарығындағы бәсеке жағдайында үстем жағдайға ие нарық субъектілерімен белгіленетін бағадан елеулі төмен не үнемді негізделген шығындар мен осындай тауарды өндірген және сатқан кезде олардың орынды кірісіне сәйкестендірілген сомасынан елеулі төмен тауар бағасы;

монополиялық табыс - нарық субъектісінің монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алған табысы;

нарық субъектілері - кәсіпкерлік қызметті дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп жүзеге асыратын жеке тұлғалар және/немесе қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар (олардың филиалдары мен өкілдіктері);

нарық субъектісінің ерекше жағдайы - осы нарық субъектісі бірден-бір тауар беруші (өндіруші) не сатып алушы болып табылатын тиісті тауар нарығындағы нарық субъектісінің жағдайы;

тауар - азаматтық құқықтық қатынастар объектісі, оның ішінде азаматтық айналымда сатуға, айырбастауға және өзге қатысуларға арналған тауар, жұмыстар мен қызметтер;

тауар нарығы - тауардың немесе Қазақстан Республикасының аумағында бірін-бірі алмастыратын тауарлардың немесе сатып алушының тауарды сатып алуы экономикалық, аумақтық және технологиялық мүмкіндігіне қарай айқындалатын оның бөлігінің айналыс аясы;

тіркелген баға - тиісті тауар нарығында үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектісінің өз басым жағдайын қайтадан асыра пайдаланған және (немесе) аталған нарық субъектісі нарық субъектілерінің аталған әрекетіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде бәсекеге қарсы келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) жасаған жағдайда уәкілетті орган белгілейтін баға;

уәкілетті орган - бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік орган;  
шекті шама - пайыздық арақатынасты көрсететін және осы Заңның 10-бабының 1-тармағымен белгіленген тиісті тауар нарығындағы нарық субъектілерінің үлесі.

## **2-бап. Осы Заңның қолданыс аясы**

Осы Заң Қазақстан Республикасының тауар нарығындағы бәсекелестікке немесе оның бөлігіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қатынастарға қолданылады.

## **3-бап. Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен осы Заңда бар ережелерден өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережесі қолданылады.

## **2-тарау. Уәкілетті органның функциялары, өкілеттігі**

### **4-бап. Уәкілетті органның жүйесі**

Уәкілетті органының жүйесін уәкілетті орган және оның бағынысты аумақтық органдары құрады.

Аумақтық органдар өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзірет шегінде жүзеге асырады.

### **5-бап. Уәкілетті органның функциялары**

Уәкілетті органның функциялары:  
бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

бәсекелестікті шектеуге бағытталған мемлекеттік органдардың кесімдерінің, іс-әрекетінің (әрекетсіздіктерінің) жолын кесу;

осы Заңның талаптарына қайшы келетін экономикалық шоғырлануды болдырмау; нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдаланудың алдын алу және жою; бәсекеге қарсы келісімдерді, жосықсыз бәсекелестікті, болдырмау және олардың жолын кесу болып табылады.

### **6-бап. Уәкілетті органның өкілеттігі**

Уәкілетті орган белгіленген функцияларға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманы және оны іс жүзінде қолдануды жетілдіру жөніндегі, тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуге және ұсынуға;

2) тауар нарықтарының жұмыс істеу, бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша нормативтік, құқықтық келісімдердің жобаларын

к е л і с у г е ;

3) бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға;

4) белгілі бір тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеу мониторингін жүзеге асыруға;

5) мемлекеттік органдармен және шетел мемлекеттері ұйымдармен, халықаралық ұйымдармен өзара әрекет ету және ынтымақтастықты, сондай-ақ уәкілетті органның өкілеттігіне қатысты мәселелер бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысуды ұйымдастыруға;

6) тиісті тауар нарығында үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізуге;

7) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуге және бекітуге;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізуге;

9) ақпараттық-тұсаукесер іс-шараларын, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу мәселелері бойынша мәжілістерді ұйымдастыруға ж ә н е ө т к і з у г е ;

10) монополиялық кірісті анықтау, монополиялы жоғары (төмен) бағаны белгілеу т ә р т і б і н б е к і т у г е ;

11) бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына монополияға қарсы ден қою шараларын қолдану ережесін б е к і т у г е ;

12) нарық субъектілерінің бәсекелестікті шектейтін келісімдерін (келісілген іс-әрекеттерін ) анықтау жөніндегі нұсқаулықты бекітуге;

13) тауар нарығындағы бәсекелестік ортаны талдау және жағдайын бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітуге;

14) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын мемлекеттік органдардың, нарық субъектілерінің осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген тәртіппен сақтау мәселелері бойынша т е к с е р у жү р г і з у г е ;

15) нарық субъектілеріне орындалу үшін міндетті оның ішінде осы Заңды бұзуды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою туралы, бастапқы жағдайды қалпына келтіру туралы, осы Заңға қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту туралы, басқа нарық субъектісімен шарт жасасу туралы, тұтынушыларға келтірілген зиянды өтеу туралы және монополиялық табысты бюджетке аудару туралы ұйғарымдар беруге;

16) мемлекеттік органдарға орындалу үшін міндетті олар қабылдаған кесімдерді жою немесе өзгерту туралы, бұзушылықтарды тоқтату туралы, сондай-ақ осы Заңға

қайшы олар жасаған келісімдерді бұзу немесе өзгерту туралы ұйғарымдар беруге;

17) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы әкімшілік құқық бұзу туралы істерді қарауға және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік ж а з а л а р қ о л д а н у ғ а ;

18) сотқа талап-арыздармен және өтініштермен жүгінуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманың қолданылуымен және бұзылуымен байланысты істерді соттардың қарауы кезіндегі п р о ц е с т е р г е қ а т ы с у ғ а ;

19) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманың бұзылуымен байланысты қылмыстардың белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге ;

20) мемлекеттік органдарға тауар рыноктарындағы бәсекелестікті дамытуға бағытталған іс-шараларды жүргізу жөнінде ұсынымдар беруге;

26) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын мемлекеттік органдардың, нарық субъектілерінің және олардың лауазымды тұлғаларының бұзуына тергеу жүргізуге;

27) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, үй-жайларға және рынок субъектілерінің аумақтарына кедергісіз кіруге ;

28) өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, нарық субъектілерінен, олардың лауазымдық және басқа тұлғаларынан а қ п а р а т с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

29) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен қаралған жағдайда тиісті тауар нарығында үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектілеріне тіркелген бағаны б е л г і л е у г е қ ұ қ ы л ы .

## 2 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) жыл сайын 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу жөніндегі қабылданатын шаралар туралы жылдық е с е п т і ж і б е р у г е ;

2) тауар нарығының жағдайын, ондағы бәсекелестік деңгейін зерделейді және осы негізде монополистік қызметтің алдын алу, шектеу және жолын кесу жөніндегі ш а р а л а р д ы ә з і р л е у г е ;

3) Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында немесе оның бөліктерінде Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы

заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

4) тиісті тауар нарығындағы үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектілерін айқындау мақсатында талдау жүргізуге;

5) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнама мәселелері жөнінде түсіндірме беруге;

6) оның өкілеттігіне жататын мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтінімдерін қарауға және өтініш білдірушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде қабылданған шаралар туралы х а б а р л а у ғ а ;

7) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын алынған мәліметтердің, сондай-ақ жүктелген міндеттерді орындау кезінде алынған басқа ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **3-тарау. Монополистік қызмет**

#### **7-бап. Нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдері (келісілген іс-әрекеттері)**

1. Нарық субъектілерінің арасында кез келген нысандағы қол жеткізген келісімдері (келісілген іс-әрекеттері) нәтижесінде бәсекелестікті шектейтін не шектей алатын болса мынадай келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) оның ішінде:

1) келісілген бағаны не тауарларды сатып алудың немесе өткізудің басқа шарттарын б е л г і л е у ( қ о л д а у ) ;

2) бағаны көтеру, төмендету немесе ұстау не сауда-саттыққа қатысушылардың арасында өзге келісімдердің нәтижесінде сауда-саттық қорытындыларын бұрмалау;

3) тауар нарықтарының аумақтық белгісі, тауарлардың түр-түрі, оларды өткізу немесе сатып алу көлемі бойынша, сатушылар немесе сатып алушылар тобы бойынша не басқа белгілер бойынша бөлуге;

4) квоталауды қоса алғанда, тауарларды өндіру не өткізуді негізсіз шектеуге;

5) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз б а с т а р т у ғ а ;

6) тауар нарығына кіруді шектеуге немесе одан белгілі бір тауарлардың сатушылары немесе олардың сатып алушылары ретіндегі нарықтың басқа субъектілерін ы ғ ы с т ы р у ғ а ;

7) тең шарттарға басқа субъектілерге кемсітушілік жағдайларын қолдануға;

8) нарықтың басқа субъектілерінің мазмұны бойынша немесе іскер айналым дәстүріне сай осы шарттар мәніне қатысы жоқ қосымша міндеттемелер қабылдаған жағдайда шарт жасасуға (өзге мүлікке, мүлік құқықтарына қаржы қаражатын берудің негізсіз талаптарын, контрагент оған мүдделі емес ережені енгізген жағдайда ғана шарт жасасуға келісуге) тыйым салынады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

2. Жеке тұлғалардың, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар осы

баптың 1-тармағында аталған салдарларға әкелетін немесе әкелуі мүмкін нарық субъектілерінің экономикалық қызметін үйлестіруге тыйым салынады.

### **8-бап. Кейбір құқықтарға қатысты келісімдер (келісілген іс-әрекеттер)**

Осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулер:  
лицензиялық шарттар;  
кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттары (франчайзингі);  
технологияны берумен байланысты шарттар;  
ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру жұмыстарындағы кооперация туралы шарттар;

зияткерлік меншік объектілеріне арналған құқықтарды беруге байланысты өзге шарттар бойынша келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге) қолданылмайды.

### **9-бап. Адамдар тобы**

1. Адамдар тобы оларға қатысты мынадай шарттардың бірі орындалатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жиынтығы болып табылады:

1) келісім (келісілген іс-әрекеттер) нәтижесінде бірлесіп тікелей немесе жанама (үшінші тұлғалар арқылы) түрде заңды тұлғаның жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының жиырма бес пайыздан астамына иелік етуге құқығы бар тұлға немесе бірнеше тұлғалар;

2) басқа тұлғамен немесе тұлғалармен қабылданатын шешімдерді шарт негізінде немесе басқаша айқындауға, оның ішінде басқа тұлғаның немесе тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға не атқарушы органның өкілеттіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік алған тұлға немесе бірнеше тұлғалар;

3) екі және одан да көп заңды тұлғалардың атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының елуден астам пайызын құрайтын сол бір жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары;

4) екі немесе одан да көп заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді шарт негізінде немесе басқаша айқындауға, оның ішінде осы тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға, не олардың атқарушы органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік алған сол бір жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары және (немесе) заңды тұлғалар;

5) бір мезгілде:

атқарушы органның және (немесе) басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) құрамының елу және одан көп пайызын білдіретін;

басқа заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді шарт негізінде немесе басқаша айқындауға, оның ішінде осы тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға, не олардың атқарушы органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік алған заңды тұлға түрінде еңбек міндеттерін атқаратын жеке тұлғалар;

б) сол бір жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары және (

немесе) заңды тұлғалар дербес немесе өкілдері арқылы екі және одан көп заңды тұлғаның әрқайсысының жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының жиырма бес пайыздан астамына иелік етуге құқығы бар;

7) дербес немесе өкілдері арқылы бір заңды тұлғаның жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының жиырма бес пайыздан астам мөлшеріне иелік етуге құқығы бар жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар, осы жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, кекжаттары не көрсетілген заңды тұлғалардың өкілдері бір мезгілде басқа заңды тұлғаның атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) немесе өзге орган құрамының елу пайыздан астамына ие жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаларды білдіреді.

2. Осы Заңның ережелері нарық субъектілеріне қатысты болады және адамдар тобына таратылады.

### **10-бап. Үстем жағдай**

1. Оған (оларға) тиісті тауар нарығындағы тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі не шешуші ықпал етуіне мүмкіндік беретін нарық субъектісінің немесе бірнеше рынок субъектілерінің ерекше не өзге жағдайлары үстем жағдай болып танылады.

Тиісті тауар нарығындағы үлесі отыз бес пайыздан аспайтын нарық субъектісінің жағдайы, нарықтың бірнеше субъектілерінің әрқайсысының жағдайы үстем болып саналған жағдайдан басқа жағдайларда, егер оларға қатысты мынадай талаптар орындалса:

1) белгілі бір тауар нарығындағы ең көп үлеске ие нарықтың үштен көп емес субъектісінің жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса;

2) белгілі бір тауар нарығындағы ең көп үлеске ие нарықтың төрттен көп емес субъектісінің жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса үстем болып танылмайды.

2. Тиісті тауар нарығының шекарасын айқындау және үстем жағдай алатын нарық субъектісін тану тәртібін тиісті тауар нарығын талдаудың негізінде уәкілетті орган айқындайды.

### **11-бап. Үстем жағдайды теріс пайдалану**

Үстем жағдайға ие нарық субъектісінің тиісті тауар нарығына кіруін шектейтін не бәсекелестікті шектейтін, жоятын және (немесе) басқа тұлғалардың мүдделеріне қысым жасайтын, оның ішінде мынадай іс-әрекеттерге:

монополиялы жоғары (төмен) бағалар белгілеуге; әртүрлі бағаны не субъектілермен бірдей келісімдерге объективті расталған себептерсіз әртүрлі жағдайлар қолдануға;

одан сатып алынған тауарларды аумақтық белгілері, сатып алушылар тобы, сатып алу талаптары, сондай-ақ саны, бағасы бойынша қайта сатуға шектеулер белгілеуге;



мазмұны бойынша немесе іскер айналым дәстүріне сай осы келісімдерге қатысы жоқ рынок субъектісінің қосымша міндеттемелерді қабылдау жолымен келісімінің қорытындысын шарттасуға не күштеп таңуға;

тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі бар кезде жеке сатып алушылармен шарт жасаудан негізсіз бас тартуға;

бәсекелестер өндіретін не өткізетін тауарларды сату бойынша шектеулер қабылдаумен тауарларды жеткізуді шарттасуға;

сұраныс немесе тұтынушылар тапсырысы бар тауарларды оларды өндіру немесе жеткізу мүмкіндігі болған жағдайда, өндіріс көлемін негізсіз қысқартуға немесе тоқтатуға;

монополиялы кіріс алуға әкелген қолданыстағы баға белгілеу тәртібін бұзушылыққа қатысты іс-әрекеттеріне тыйым салынады және жарамсыз деп танылады.

## **12-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері**

1. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге алып келген немесе алып келуі мүмкін кесімдерді не шешімдерді қабылдауы, жазбаша не ауызша нұсқамалар беруі, келісімдер жасасу немесе өзге де кез келген іс-әрекеттері бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер болып табылады.

2. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің кез келген саласында нарық субъектісінің құрылуына тыйым салу не кедергі болу, сондай-ақ қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға, тауарлардың белгілі бір түрлерін өндіруге, сатып алуға немесе өткізуге тыйым салу;

2) нарық субъектілерін шарттарды басымдықпен жасасуға, тауарларды тұтынушылардың белгілі бір тобына бірінші кезекте жеткізуге не белгілі бір сатушылардан бірінші кезекте сатып алуға тікелей немесе жанама мәжбүрлеу;

3) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық келісімдерінде өзгеше белгіленбесе, тауарларды бір орталықтан бөлуге, сондай-ақ нарықтарды нарық субъектілерінің арасында аумақтық қағидат, тауарлардың түр-түрі, оларды өткізу немесе сатып алу көлемі бойынша немесе тұтынушылар немесе сатушылар тобы бойынша бөлуге бағытталған кез келген іс-әрекеттер;

4) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде өзгеше белгіленбесе, белгілі бір тауарларды Қазақстан Республикасының бір өңірінен екінші өңіріне өткізуге (әкетуге) тыйым белгілеу;

5) нарықтың жеке субъектілеріне бәсекелестерге қатысты артықшылық жағдайға қоятын, бәсекелестікті шектеуге алып келетін немесе алып келуі мүмкін жеңілдіктерді немесе басқа артықшылықтарды беру;

6) нарықтың жеке субъектілерінің бәсекелестермен салыстырғанда қызметтің қолайсыз немесе кемсітушілік жағдайларын жасағаннан туындайтын іс-әрекеттер;

7) нарық субъектісінің дербестігіне, оның ішінде тауарларды сатып алуға немесе өткізуге, баға түзуге, қызмет бағдарламаларын қалыптастыруға және дамытуға, табысты (ақшалай түсімді) иеленуге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тыйым салулар мен шектеулер белгіленетін іс-әрекеттер болып танылады.

3. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер жасауына Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайлардан басқа ретте тыйым салынады.

#### **4-тарау. Экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылау**

##### **13-бап. Экономикалық шоғырлану**

1. Үстем жағдайды теріс пайдалануды немесе бәсекелестікті шектеуді болдырмау мақсатында уәкілетті орган осы Заңның 14-бабында көзделген жағдайларда экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғаның өтініші негізінде уәкілетті органның алдын ала келісілген келісімімен осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәмілелер (іс-әрекеттер) ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

##### **2 . М ы н а л а р :**

1) нарық субъектісінің жаңа заңды тұлғаны, оның ішінде оның жарғылық капиталын акциялармен (үлестермен, пайлармен) немесе басқа заңды тұлғаның мүлкімен төлеген жағдайда, егер жаңа құрылған заңды тұлға осы тармақтың 4) тармақшасымен көзделген осындай акциялар (үлестер, пайлар) немесе мүліктер қатынасындағы құқықты иеленген жағдайда құруы;

2) тиісті тауар нарығындағы үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектісін қайта ұйымдастыруы (біріктіруі, қосуы, бөлуі, бөліп шығаруы, қайта құруы);

3) егер тұлға (адамдар тобы) осы иелікке дейін аталған нарық субъектісінің акцияларына (үлестеріне, пайларына) билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығы бар акциялар (үлестер, пайлар) санының 25 пайыздан кеміне билік етсе, нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығы бар акцияларды (үлестерді, пайларды) тұлғаның (адамдар тобының) иеленуі, бұл жағдайда мұндай тұлғаға (адамдар тобы) аталған акциялардың (үлестердің , пайлардың) 25 пайыздан астамына билік етуге құқық алуы. Бұл талап оның құрылуы кезінде заңды тұлға құрылтайшыларына қолданылмайды;

4) егер мәміле (өзара сабақтас мәміле) нысанасын құрайтын мүліктің теңгерімдік құны мүлікті иелігінен шығарып отырған немесе табыс етіліп отырған нарық субъектісінің негізгі өндірістік құрал-жабдықтары мен материалдық емес активтерінің теңгерімдік құнының 10 пайызынан асса, нарық субъектісінің (адамдар тобының) нарықтың басқа субъектісінен негізгі өндірістік құрал-жабдықтарды немесе материалдық емес активтерді меншікке алуы, пайдалануы немесе иеленуі;

5) нарық субъектісінің (адамдар тобының) нарықтың бір немесе бірнеше мәмілелер нәтижесінде, оның ішінде сенімгерлік басқару туралы шарт, бірлескен қызмет туралы

шарт, тапсырма шарты, құқық келісімдері негізінде немесе нарық субъектісінің оның кәсіпкерлік қызметін жүргізу не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыру шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін өзге тәсілмен алуы;

келісімдер, шарттар, тапсырмалар арқылы немесе өзге тәсілмен) алуы;

б) нарықтың екі және одан да көп субъектілерінің атқарушы органдарда, директорлар кеңесінде (байқаушы кеңестерде) сол бір жеке тұлғаларының қатысуы экономикалық шоғырлану деп танылады.

### 3 . М ы н а л а р :

1) нарық субъектісінің акцияларын (үлестерін, пайларын) қаржы ұйымдарының алуы, егер осы алу көрсетілген тұлға нарық субъектісінің басқару органында дауыс беруге қатыспайтын талаппен оларды кейін қайта сатумен жүзеге асырылатын болса;

2) оңалту немесе конкурстық басқарушыны, уақытша әкімшілікті (уақытша әкімшіні) тағайындау экономикалық шоғырлану болып саналмайды.

### **14-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат алу қажет кездегі жағдайлар**

1. Егер тиісті мәмілеге (іс-әрекетке) қатысушы тұлғалардың соңғы теңгерім бойынша активтерінің теңгерімдік құны немесе соңғы қаржы жылында тауарларды өткізудің жиынтық көлемі айлық есептік көрсеткіштің елу мың есе мөлшерінен асатын немесе олардың бірі тиісті тауар нарығындағы үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектісі болып табылса, не бұл тармақта көрсетілген нарық субъектілерінің қызметін бақылайтын тұлғалар тобы иеленуші болып табылса, қаржы ұйымдары қатысқан экономикалық шоғырлану жағдайларынан басқа, экономикалық шоғырлану уәкілетті органның шешімін алған жағдайда жүзеге асырылады

2. Экономикалық шоғырлануға қаржы ұйымдарының қатысуымен рұқсат алу қаржы ұйымы активтерінің құны не өз капиталының көлемі уәкілетті орган қаржы нарықтарын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп белгілеген мөлшерінен асқан жағдайда жүзеге асырылады .

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарларды өткізу көлемдерін есептеген кезде қосылған құн салығының, акциз сомасын алыптастағанда экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініш берген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылы үшін тауарларды өткізуден түскен табыс (ақшалай түсім) сомасы пайдаланылады.

4. Егер рынок субъектісі экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініш берген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылынан аз мерзім ішінде қолданылған болса, осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарларды өткізу көлемдерін есептеген кезде экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініш берген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылына, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге дейінгі кіріс сомасы пайдаланылады.

### **5-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру**

1. Уәкілетті орган экономикалық шоғырлануға, егер ол (адамдар тобының) нарық субъектісінің үстем жағдайын белгілеуге немесе күшейтуге және (немесе) бәсекелестікті шектеуге алып келмейтін жағдайда рұқсат береді.

2. Уәкілетті орган, егер тиісті мәмілеге қатысушы олардың іс-әрекеттерінен болған оңды тиімділік тиісті тауар нарығында жағымсыз салдарлардан асатын жағдайда, бәсекелестікті шектеу мүмкіндігі кезінде экономикалық шоғырлануға рұқсат беруге құқылы.

**5-тарау. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау**

**16-бап. Нарық субъектілерінің келісіміне (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштер ұсынуы**

1. Келісім жасасуға (келісілген іс-әрекетті жүзеге асыруға), экономикалық шоғырлануды жүзеге асыруға ниеттенген нарық субъектілері уәкілетті органға:

- 1) келісімге (келісілген іс-әрекетке) рұқсат беру туралы;
- 2) экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінеді.

Келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға қатысушылар жалпы өтініш ұсынады. Өтініштерді қарауға қажетті құпия ақпаратты уәкілетті органға осы тұлғалар жеке-жеке ұсына алады.

2. Егер келісім (келісілген іс-әрекет) немесе экономикалық шоғырлану конкурстық рәсімдер (аукциондар, тендерлер, конкурстар) қолданумен өткізілген жағдайда, өтініш конкурс рәсімі басталғанға дейін де, конкурс аяқталғаннан кейін де, бірақ жеңімпаз жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ұсынылуға тиіс.

3. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

**17-бап. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау**

1. Өтініш ол түскен күннен бастап он бес күн аяқталғаннан кейін, егер осы уақыт ішінде уәкілетті орган өтінішті өтініш берушіге оны және уәкілетті орган белгілеген талаптарға жауап бермейтін басқа құжаттарды хабарламамен қоса қайтармаса, қарауға қабылданды деп есептеледі.

2. Уәкілетті орган өтініш берушіден және басқа тұлғалардан, егер оның болмауы істі қарауға, сондай-ақ сараптама тағайындауға кедергі келтіретін болса, осы Заңның талаптарына сәйкес қосымша ақпарат сұрата алады.

3. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қараудың мерзімі отыз күннен аспауға тиіс. Сараптама тағайындаған

жағдайда көрсетілген мерзім өтінішті қарауға қабылдаған сәттен бастап алпыс күннен аспауы тиіс. Көрсетілген мерзім ішінде уәкілетті орган келісім жасасуға (келісілген іс-әрекетті жүзеге асыруға) немесе экономикалық шоғырлануды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы шешім қабылдауы тиіс.

Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім қабылдаудың күні осы тармақтың бірінші бөлімінде көзделген өтінішті қарау мерзімінің соңғы күні болып есептеледі.

4. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарау уәкілетті органның немесе онымен басқа өтініштер байланысты соттың шешіміне дейін немесе онымен басқа мәселе байланысты мемлекеттік органның шешіміне дейін оның қаралуы мүмкін болмаған жағдайда тоқтатыла тұрады. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарауды тоқтата тұру және оны жаңарту туралы уәкілетті орган арызданушы хабардар етілетін шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті оны тоқтата тұрудың себебі болып табылатын жағдайлар жойылғаннан кейін қарауды жаңартады.

Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау мерзімі ішінде осы өтінішті қарау тоқтатылған күннен бастап тоқтатыла тұрады. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау мерзімі ішінде қарау жаңартылған күннен бастап ж а л ғ а с а д ы

5. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарағанда егер уәкілетті органның шешімі осы Заңмен қорғалатын олардың құқықтары мен мүдделеріне елеулі нұқсан келтірсе, үшінші тұлғаның қатысуы м ү м к і н .

Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарауға қатысуға үшінші тұлғаларды тарту туралы мәселені уәкілетті орган шешеді, бұл туралы осы өтінішті қарауға қатысатын тұлғалар хабардар етіледі.

**18-бап. Келісімге (келісілген іс-әрекетке),  
экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы  
өтініштер жөніндегі шешім**

1. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қараудың нәтижелері бойынша уәкілетті орган:

- 1) келісімге (келісілген іс-әрекетке) рұқсат беру туралы;
- 2) келісімге (келісілген іс-әрекетке) тыйым салу туралы;
- 3) экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы;

4) экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешімдердің біреуін қ а б ы л д а й д ы .

2. Уәкілетті органның келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беруі туралы шешімі келісімге (келісілген іс-әрекеттерге) немесе экономикалық шоғырлануға қатысушылардың бәсекелестікке келісімнің (келісілген іс-әрекеттердің), экономикалық шоғырланудың теріс әсерін жоятын немесе жұмсартатын белгілі талаптар мен міндеттемелерді орындауымен белгіленуі мүмкін. Мұндай шарттар мен міндеттемелер атап айтқанда, мүлікті басқару, пайдалану немесе иелік ету жөніндегі шектеуге, сондай-ақ мүлікті иеліктен шығаруды жүзеге асыруға рынок субъектісінің міндеттемелеріне қатысты болуы мүмкін.

Келісімге (келісілген іс-әрекеттер) рұқсат айқындалмаған мерзімге немесе бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

3. Келісім (келісілген іс-әрекет), экономикалық шоғырлану егер, уәкілетті органның шешімінде өзгеше белгіленбесе келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы уәкілетті органның шешім қабылдау күнінен бастап жыл ішінде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер келісім (келісілген іс-әрекет), экономикалық шоғырлану белгіленген мерзімде жүзеге асырылмаса, келісімге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға қатысушылардың келісімге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы жаңа ұсынымды беруге құқығы бар.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарымен көзделген келісімге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға рұқсат берудің іс-әрекеттер мерзімдерін айқындау тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

5. Өтініш берушіге шешім, ал қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер болған жағдайда - уәкілетті органның шешімінен көшірме жіберіледі.

6. Уәкілетті орган, шешімді қабылдағаннан кейін осы Заңның 26, 27, 35-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны жоюға немесе өзгертуге құқығы жоқ. Уәкілетті орган шешімде жіберілген қателер мен нақ арифметикалық қателер түзетуі, өз шешімін бұл ретте оның мазмұнын өзгертпестен түсіндіруі, сондай-ақ егер, ұсынымды қарау уақытында зерттелген қандай да бір мәселе бойынша шешім қабылданбаса, қосымша шешімді қабылдауы мүмкін.

Уәкілетті органнан экономикалық шоғырлануға рұқсат алуы қажет нарық субъектілерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу тек уәкілетті органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.

Уәкілетті органның рұқсатынсыз жасалған экономикалық шоғырлануды сот уәкілетті органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

**19-бап. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарауды тоқтатудың негіздемесі**

1. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарау, мына:

1) ұстанымдарды және өтініштерді кері қайтару туралы хабарлама өтініш берушілерден түскен немесе келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беруге өтініштерді қарауды тоқтату туралы мүдделі тұлғалардың өтініштері түскен;

2) егер, мұндай ақпараттың болмауы өтінішті қарауға кедергі келтіретін болса, уәкілетті орган белгілі мерзімде өтініш берушінің ақпаратты бермеуі жағдайларында тоқтатуға жатады.

2. Өтінішті қарауды тоқтатудан кейін өтініш беруші келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы жаңа өтінішпен уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

### **6-тарау. Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын тергеу**

#### **20-бап. Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтарға тергеу жүргізу үшін міндеттілік**

##### **пен негіз**

1. Осы Заңның 7, 11 және 12-баптарын бұзғаны жөнінде шешімдерді қабылдау үшін монополияға қарсы орган тергеу жүргізуге міндетті.

Осы Заңның өзге бұзушылықтарына қатысты шешімдерді тергеу жүргізбестен уәкілетті орган қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылықтарға тергеу жүргізу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) монополистік қызметтің нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың олардың құқықтарының бұзылуы туралы өтініштері;

2) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы мемлекеттік органдардың ұсынымдары;

3) тауар нарықтарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын және оның иелігіндегі өзге де мәліметтерді талдау негізінде уәкілетті органның өз бастамашылығы

3. Уәкілетті орган тергеу жүргізу үшін негіздің туындауы күнінен бастап он бес күннен кешіктірмей мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасының бұзылуын тергеу туралы;

2) негіздемелердің болмауына байланысты Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасының бұзылуын тергеуден бастарту туралы.

Уәкілетті орган болжамды бұзушылық тиісті тауар нарығында бәсекенің жағдайына

айтарлықтай әсер етуді көрсетеді ме, соған байланысты жоғарыда аталған шешімдердің біреуін қабылдайды.

## **21-бап. Тергеу жүргізу тәртібі**

1. Тергеу Қазақстан Республикасының заңнама кесімдерімен көзделген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен, сондай-ақ осы т а р а у м е н ж ү р г і з і л е д і .

2. Тергеу уәкілетті органның тергеу туралы шешімін шығарғаннан кейін жүргізіледі .

Тергеу туралы уәкілетті органның шешімі мыналардан:

1) уәкілетті органның атауы;

2) тергеуді жүзеге асыратын тұлғаның (тұлғалардың) лауазымы, тегі, аты және ә к е с і н і ң а т ы ;

3) тергеу жүргізудің себебін көрсету;

4) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын болжамды бұзуға қатысқан нарық субъектілерінің, мемлекеттік о р г а н д а р д ы ң т і з б е с і ;

5) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын болжамды бұзуды көрсетуден тұруы тиіс.

3. Тергеу туралы шешімді уәкілетті органның басшысы немесе бұған уәкілеттенген өзге тұлға қол қояды, уәкілетті органның мөрімен куәландырылады және заңнама кесімдерімен көзделген талаптарды ескере отырып, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген тәртіппен арнайы журналда тіркеледі.

4. Тергеу жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды тұлғасы нарық субъектісіне, мемлекеттік органға тергеу туралы шешімді және қызметтік куәлікті к ө р с е т у г е м і н д е т т і .

5. Тергеу туралы шешімді және қызметтік куәлікті көрсету кезінде нарық субъектілері оларға тиесілі аумаққа немесе үй-жайға уәкілетті органның лауазымды тұлғасын кіргізуге және тергеуді жүргізу үшін қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

6. Тергеу жүргізетін уәкілетті орган лауазымды тұлғасының аталған аумаққа немесе үй-жайға кіруіне кедергі келтіру кезінде хаттама жасалады. Хаттамаға тергеу жүргізген уәкілетті органның лауазымды тұлғасы және нарық субъектісі, мемлекеттік орган қол қояды. Аталған хаттамаға қол қоюдан бас тартқан кезде нарық субъектісі, мемлекеттік орган бас тарту себебіне жазбаша түсіндірме беруге міндетті.

7. Тергеу нәтижелері туралы қорытындыны жасаумен тергеу аяқталады. Тергеу нәтижелері туралы қорытынды осы Заңның тиісті нормаларына сілтеме жасай отырып, Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзуды сипаттаудан тұруы тиіс. Егер, тергеудің аяқталуы бойынша Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасының бұзылуы белгіленбесе, онда бұл туралы тергеу нәтижелері туралы қорытындыда тиісті жазба жасалады.



8. Тергеу туралы шешімді қабылдау күніне дейін екі айлық мерзімнен кешіктірілмей тергеу аяқталуы тиіс.

Қосымша тергеу қажет болған жағдайда мерзім уәкілетті органның шешімімен бір айға ұзартылуы мүмкін.

**22-бап. Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша уәкілетті органның шешімі**

1. Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша уәкілетті орган мынадай:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауда негіздемелердің болмауы туралы ;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы;

3) қылмыстық істі қозғау үшін құқық қорғау органдарына материалдарды беру туралы ;

4) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқаманы шығару туралы;

5) нарық субъектісіне және мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын сақтау мәніне арналған жоспардан тыс тексеру жүргізу туралы шешімді қабылдайды.

2. Уәкілетті органның шешімі өтініш берушінің назарына, мемлекеттік органға, нарықтың тиісті субъектісіне және өзге де мүдделі тұлғаларға жеткізіледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес қаралады.

**7 тарау. Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы**

**заңнамасын сақтау нысанасына тексеру жүргізу**

**23-бап. Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын сақтау мәселелері бойынша тексерулердің түрлері**

**мен нысанасы**

1. Уәкілетті орган жүргізетін тексерудің нысанасы нарық субъектілерінің, мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - тексерілетін субъектілер) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын сақтау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын сақтау нысанасына уәкілетті орган жүзеге асыратын нарық субъектілері мен мемлекеттік органдарды тексеру жоспарлы және жоспардан тыс болуы мүмкін.

**24-бап. Жоспарлы тексеру**

1. Жоспарлы тексеру тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын сақтауына байланысты мәселелердің бүкіл кешенін қамтиды.

2. Жоспарлы тексеру жылына бір реттен жиі болмайтындай етіп жүргізіледі.

3. Жоспарлы тексеру тексерілетін субъектінің орналасқан жері бойынша немесе оның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жері бойынша жүргізілуі мүмкін.

4. Уәкілетті орган басшысы жыл сайын бекітетін жұмыс жоспары жоспарлы тексеру жүргізуге негіз болып табылады. Жоспар оларға қатысты тексеру жүргізу және тексеру жүргізу кезеңі болжанатын тексерілетін субъектінің тізбесінен тұруы тиіс.

#### **25-бап. Жоспардан тыс тексеру**

1. Уәкілетті органның жұмыс жоспарында көзделмеген тексеру жоспардан тыс тексеру болып саналады және Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылық туралы уәкілетті органға келіп түскен не дербес анықталған ақпараттарды растау үшін жүргізіледі.

2. Жоспардан тыс тексеру жүргізуге:

1) жеке және заңды тұлғалардың монополиялық қызметінің нәтижесінде өз құқықтарының бұзылғаны туралы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылық туралы басқа мемлекеттік органдардан түскен материалдар;

3) уәкілетті органның тауар нарықтарын талдау, бұқаралық ақпараттар құралдарының хабарламалары және өзге де мәліметтер негізіндегі жеке бастамасы;

4) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылық мәселелері бойынша уәкілетті органның тергеу нәтижесі негіз болады.

#### **26-бап. Тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібінің ерекшеліктері**

1. Тексеру жүргізу үшін уәкілетті орган уәкілетті орган басшысы қол қойған, мөрмен куәландырылған және заңнамамен белгіленген тәртіпте құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында тіркелген қатаң есептілік бланкісіндегі нұсқамасы және тексеруді тағайындау туралы бұйрық қабылданады және тексеру жүргізу жоспары бекітіледі.

2. Тексеру жүргізу туралы нұсқама екі данада жасалып, олар тіркеу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына беріледі. Тіркеу туралы белгісі бар бір данасы істің материалдарына қоса тіркеледі.

3. Нұсқаманың Құқықтық статистика және арнайы есеп алу органында тіркелгені туралы белгісі бар көшірмесі, сондай-ақ тексеру жоспары тексеру жүргізілетін күні тексерілетін субъектінің басшысына беріледі.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында тіркелгені туралы белгісі жоқ тексерілетін субъектіге берілген тексеру жүргізу туралы нұсқаманың көшірмесі

ж а р а м с ы з

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

4. Тексеру жүргізу үшін уәкілетті орган басшысының бұйрығымен жұмыс тобының құрылуы, оның құрамының бекітілуі, жұмыс тобының басшысы мен басшысының орынбасары айқындалуы мүмкін.

5. Тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті орган лауазымды адамдарының тексеру жүргізу немесе кедергі келтіруі туралы нұсқаманы қабылдаудан тексерілетін субъекті бас тартқан жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғасы және тексерілетін субъектінің уәкілетті тұлғасы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің уәкілетті тұлғасы бас тарту себебі туралы жазбаша түрде түсініктеме бере отырып хаттамаға қол қоюдан бас тарта алады.

Тексеру жүргізу туралы нұсқаманы алудан бас тарту тексеруді жою үшін негіздеме б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

Тексеруді тексеруді тағайындау туралы нұсқамада көрсетілген уәкілетті органның сол лауазымды адамы (адамдары) ғана жүргізеді.

#### **27-бап. Тексеру жүргізудің жоспары және мерзімі**

1. Тексеру жүргізудің жоспарында:

1) тексеру жүргізудің мерзімі;

2) тексеру жүргізудің негізгі міндеттері мен мақсаттары, оны іске асырудың рәсімі;

3) тексеру барысында анықталуға тиіс мәселелер тізбесі және мән-жайлар ауқымы;

4) тексеру жүргізудің кестесі;

5) тексерілетін субъекті қызметінің ерекшелігіне сәйкес өзге де ақпарат қамтылуға т и і с .

2. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі мен алға қойылған міндеттер ескеріліп белгіленеді және тексеру жүргізу туралы нұсқама құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында тіркелген кезден бастап күнтізбелік 30 күннен аспауы тиіс.

3. Тексерілетін субъекті қызметінің ерекшелігіне, жұмыс көлемінің ауқымдылығына байланысты тексерудің заңда белгіленген мерзімде аяқталмауы мүмкін болған жағдайларда уәкілетті органның тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамы уәкілетті органның басшысына атқарылған жұмыстың нәтижелері мен тексеру жүргізудің мерзімін ұзарту қажеттігі туралы негіздемелер жазылған қызметтік жазбаны т а б ы с е т е д і .

4. Уәкілетті органның басшысы тексеру жүргізудің мерзімін ұзарту туралы бұйрық шығаруға құқылы. Уәкілетті органның басшысы тексеру жүргізу туралы бұйрық пен нұсқамаға, сондай-ақ тексеру жоспарына тексеру мерзімін ұзарту туралы белгіні е н г і з е д і .

Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту күнтізбелік 30 күннен аспауға тиіс.

5. Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту туралы бұйрықтың көшірмесі тіркелген күні

тексерілетін субъектінің басшысына беріледі.

6. Тексерілетін субъектіге тексеру нәтижелері туралы анықтама тапсырылған күн тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі, бірақ ол тексеру жүргізу туралы нұсқамада көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмеуге тиіс.

### **28-бап. Уәкілетті органның тексеру жүргізу кезіндегі құқықтары**

1. Уәкілетті органның лауазымды адамдары тексеру жүргізген кезде:

1) тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайына кедергісіз кіруге;  
2) тексеру нысанына сәйкес тексерілетін субъектінің автоматтандырылған деректер базасына (ақпараттық жүйесіне) қол жеткізуге;

3) тексерілетін субъектінің басшыларынан, лауазымды адамдарынан және басқа да қызметкерлерінен тексеру нысанына қатысты қажетті ақпараттарды, құжаттарды немесе олардың көшірмелерін, тексеру барысында туындаған мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктеме сұратуға және алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылықтарға куә адамдар болған жағдайда олардан жазбаша және ауызша түсініктемелер алуға құқылы.

2. Тексерілетін субъектінің басшысы мен адамдары тексеру жүргізуге жауапты уәкілетті органның лауазымды адамының ауызша сауалы бойынша ақпаратты, құжатты немесе олардың көшірмелерін беруден бас тартқан жағдайда оған тиісінше жазбаша сауал табыс етіледі. Жазбаша сауалды басшының өзіне табыс ету мүмкін болмаған жағдайда осы сұраныс хабарламамен бірге тапсырыс хатпен тексерілетін субъекті басшысының атына почта байланысымен жіберіледі.

3. Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына оны ұсынудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін ақпараттарды есептемеген жағдайда уәкілетті органмен тексеру барысында тексерілетін субъекті туралы алынған кез келген ақпарат таратуға жатпайды.

4. Тексеру жүргізуде көмек көрсету үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарының мамандарын, сондай-ақ басқа да ғалымдар мен сарапшыларды тартуға құқылы.

5. Тексеру жүргізетін уәкілетті органның лауазымды тұлғасына тексеру мәніне жатпайтын талаптар мен өтініштерді ұсынуға тыйым салынады.

### **29-бап. Тексеру нәтижелері**

1. Тексеру жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда уәкілетті органның лауазымды адамы осы Заңға және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тексерілетін нарық субъектісіне,

мемлекеттік органға қатысты монополияға қарсы ден қоюдың қажетті шараларын қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Барлық тексерілетін мәселелер бойынша талдау, тұжырымдама және ұсыныстар көрсетілетін тексеру нәтижесі анықтамамен ресімделеді және екі данада жасалады, оның біреуі тексерілетін субъектінің басшысына беріледі.

3. Тексеру нәтижесі тиісті құжаттармен расталатын тексерілген мәліметтер және фактілер негізінде анықтамада мазмұндалады. Құжаттармен расталмаған тұжырымдамаларды, ұсыныстарды және мәліметтерді анықтамаға кіргізуге жол б е р і л м е й д і .

4. Тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын бұзушылық болмаған жағдайда анықтамада тиісті жазба жазылады.

5. Тексеру нәтижесі бойынша ескертпелер және/немесе қарсылықтар болған жағдайда тексерілетін субъектінің басшысы оларды жазбаша түрде жазып көрсетеді.

Ескертпелер және/немесе қарсылықтар тексеруді жүргізу туралы анықтамаға қоса берілуі мүмкін, ол туралы тиісті белгі жасалады.

6. Тексерілетін субъектінің басшысы тексеру жүргізудің нәтижелері туралы анықтамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда уәкілетті органның тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамы анықтамаға тиісті жазба енгізеді.

7. Уәкілетті органның тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамы анықтаманың екінші данасын тексеру жүргізу аяқтағаннан кейін тексерілетін субъекті басшысына т а п с ы р а д ы .

Анықтаманы тексерілетін субъектінің басшысына тапсыру мүмкін болмаған жағдайда анықтама тексерілетін субъекті басшысының атына хабар берілетін тапсырыс хатпен пошта байланысы арқылы жіберіледі.

### **30-бап. Тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдарының іс әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым жасаудың тәртібі**

1. Тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тексерілетін субъект Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген тәртіпте уәкілетті органның іс әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым жасауға құқылы.

2. Уәкілетті орган лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде заңсыз әрекеттері (әрекетсіздіктері) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеп соқтырады.

### **8-тарау. Мемлекеттік реттеудің және бақылаудың жекелеген түрлері**

#### **31-бап. Үстем жағдайға ие нарық субъектілерін еріксіз бөліп шығару (бөлу)**

1. Нарық субъектілерінің үстем жағдайы мұндай жағдайдың жағымсыз салдарларын тиімді шектеуге мүмкіндік бермейтін болып табылған жағдайда, уәкілетті орган оны еріксіз бөлу немесе олардың құрамынан құрылымдық бөлімшелер базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөліп шығару және (немесе) кәсіпорын акцияларын (үлестерін, пайларын) мәжбүрлеп сату туралы егер бұл бәсекелестікті дамытуға алып келсе, сотқа жүгінуге құқылы.

2. Үстем жағдайға ие нарық субъектісін еріксіз бөлу (бөліп шығару) туралы шешім мынадай шарттардың жиынтығы:

1) оның құрылымдық бөлімшелерді бөлудің (бөліп шығарудың) ұйымдық және аумақтық оқшаулану мүмкіндігі;

2) оның бөлінген (бөліп шығарған) құрылымдық бөлімшелерінің арасында тығыз технологиялық өзара байланыстың (атап айтқанда, егер рынок субъектісі тұтынып отырған оның құрылымдық бөлімшесі тауарларының көлемі осы құрылымдық бөлімше өндіретін тауарлардың жалпы көлемінің отыз пайызынан аспаса) болмауы;

3) қайта ұйымдастырудың нәтижесінде құрылған заңды тұлғалардың тиісті тауар нарығында дербес жұмыс істеу мүмкіндігі болған жағдайда қабылданады.

3. Нарық субъектісін еріксіз бөлу, бөліп шығару туралы шешімді меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган сот шешімінде көзделген талаптарды ескере отырып орындауға жатады.

4. Қаржы ұйымын еріксіз бөлудің немесе бөліп шығарудың шарттарын уәкілетті орган қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен айқындайды.

5. Тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісін бөлу, бөліп шығару мүмкін болмайтын немесе қисынды болмайтын жағдайда оған монополияға қарсы реттеудің және бақылаудың өзге де шаралары қолданылады.

### **32-бап. Уәкілетті органға ақпаратты беру жөніндегі нарық субъектілерінің қосымша міндеттемелері**

1. Уәкілетті орган нарық субъектілерінің қызметін бақылау және мониторинг жүргізу үшін тиісті тауар нарығындағы үлесі шекті шамадан асатын нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімдерін (бұдан әрі - Тізілім) жүргізеді.

2. Тізілімге енгізілген нарық субъектілері уәкілетті органға мыналарды:

1) бухгалтерлік есеп туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті;

2) халықтық акционерлік қоғам үшін өзінің дауыс беруші акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайыздарын немесе акциялардың бес және одан да көп пайыздарын сенімгерлік басқаруға сату және (немесе) беру туралы мәліметті;

3) өндіріс (өткізу) көлемдері, босатылатын бағалар және шығарылатын (өткізілетін)

тауарлардың табыстылық деңгейі туралы өнімнің монополиялық түрлері бойынша ай сайынғы ақпаратты беруге міндетті.

3. Тізілімге енгізілген нарық субъектілері Тізілімге енгізілген нарық субъектілері бойынша тауарға бағаның алдағы өсуі туралы және Қазақстан Республикасының Укіметі айқындайтын тәртіппен көтеру себебін растайтын, негіздейтін материалдарды міндетті берумен оларды арттырудың себептері туралы отыз күн бұрын жазбаша түрде уәкілетті органды хабарландыруға міндетті.

4. Тізілімге енгізілген нарық субъектілері берген құжаттарды қарау процесінде уәкілетті орган сұрау салуға сәйкес келетін Тізілімге енгізілген нарық субъектісінің алған күнінен бастап бес күндік мерзімде берілуі тиіс бағаны көтерудің себептері туралы қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

5. Нарық субъектілері, олардың бірлестіктері мен басшылары, мемлекеттік органдар , олардың лауазымды адамдары уәкілетті органның талап етуі бойынша уәкілетті орган өз қызметін жүзеге асыру үшін қажет оның ішінде коммерциялық, қызметтік және банктік құпияны қоспағанда, заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар сенімді құжаттар, жазбаша және ауызша түсіндірмелер және өзге де ақпарат табыс етуге міндетті.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда уәкілетті органмен оның қызметтерін жүзеге асыру барысында алынған коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар мәліметтер жария етілмеуге тиіс.

Уәкілетті органның қызметкерлері коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде көзделген тәртіппен жауапты болады.

**9-тарау. Уәкілетті органның шешімдерін (нұсқамаларын) орындау, тексеру, қайта қарау , шағымдану тәртібі**

### **33-бап. Уәкілетті органның шешімдерін (нұсқамаларын) орындау тәртібі**

1. Уәкілетті органның шешімін (нұсқамасын) нарық субъектісі, мемлекеттік орган уәкілетті орган шешімінде (нұсқамада) көрсетілген мерзімде орындайды.

2. Уәкілетті орган шешім (нұсқама) орындалмаған жағдайда нарық субъектісін, мемлекеттік органды уәкілетті органның шешімін (нұсқамасын) орындауға мәжбүрлеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

### **34-бап. Уәкілетті органның аумақтық органдары шешімдерін (нұсқамаларын) тексеру**

1. Уәкілетті органның аумақтық органдары қабылдаған шешімдері (нұсқамалары) мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша немесе өз бастамашылығы бойынша уәкілетті органның олар белгілеген тәртіппен тексерілуі мүмкін.

2. Уәкілетті орган аумақтық органның шешімін (нұсқамасын) тексеру кезінде оны тексерудің аяқталуына дейін шешімді орындауды тоқтатуы мүмкін, бұл туралы мүдделі

тұлғалар жазбаша хабардар етіледі.

3. Уәкілетті орган аумақтық органның шешімін (нұсқамасын) тексеру нәтижелері бойынша мыналарға:

- 1) шешімді (нұсқаманы) өзгеріссіз қалдыруға;
- 2) шешімді (нұсқаманы) өзгертуге;
- 3) шешімді (нұсқаманы) жоюға;
- 4) жаңа шешімді (нұсқаманы) қабылдауға құқығы бар.

### **35-бап. Уәкілетті органның шешімдерін (нұсқамаларын) қайта қарау**

1. Уәкілетті орган өз бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғаның өтініші бойынша мынадай жағдайларда:

1) егер заңсыз немесе негізсіз шешімдерді қабылдауға алып келген елеулі жағдайлар уәкілетті органға мәлім және мәлімсіз болуы мүмкін емес;

2) егер шешім заңсыз немесе негізсіз шешімді қабылдауға алып келген жалған емес ақпараттың негізінде қабылданған болса;

3) келісімдердің (келісілген іс-әрекеттердің), экономикалық шоғырланудың қатысушылары уәкілетті органның шешіміне негізделген талаптар мен міндеттемелерді орындамаған;

4) егер негізінде келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім қабылданған жағдайлар болмаған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген басқа негіздер болған жағдайда шешімді (нұсқаманы) қайта қарауы мүмкін.

Шешім қабылдаған уәкілетті орган оны қайта қарау аяқталғанға дейін шешімді орындауды тоқтата тұруы мүмкін, ол туралы іске қатысушы тұлғаны жазбаша түрде хабардар етеді.

2. Қайта қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган:

- 1) шешімді (нұсқаманы) өзгеріссіз қалдырады;
- 2) шешімді (нұсқаманы) өзгертеді;
- 3) шешімді (нұсқаманы) жояды;
- 4) жаңа шешімді (нұсқаманы) қабылдайды.

3. Егер шешімді қайта қарау нәтижесі бойынша уәкілетті орган экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған жағдайда, экономикалық шоғырлану нәтижесінде құрылған рынок субъектісін мемлекеттік тіркеу уәкілетті органның талап-арызы бойынша сот тәртібімен жойылады.

### **36-бап. Уәкілетті органның шешімдеріне (нұсқамаларына) шағым жасау**

1. Уәкілетті органның шешімдері (нұсқамалары) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Уәкілетті органға шағымдану үшін аумақтық органдары шешімдерінің (



нұсқамалардың) :

- 1) іс үшін маңызы бар жағдайлардың толық анықталмауы;
- 2) іс үшін маңызы бар жағдайлардың дәлелсіздігі және белгіленген деп танылуы;
- 3) шешімде жазылған тұжырымдардың істің жағдайларына сәйкессіздігі;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу немесе дұрыс қолданбауы негіз болып табылады.

3. Уәкілетті органның аумақтық органының шешіміне (нұсқамасына) нарық субъектісі уәкілетті органда немесе оның құқықтарын, бостандығын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу туралы нарық субъектісіне белгілі болған күнінен бастап үш айдың ішінде сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

## **10-тарау. Осы Заңды бұзушылық**

### **37-бап. Осы Заңды бұзушылық:**

бәсекеге қарсы келісімдер (келісілген іс-әрекеттер);  
үстем жағдайды асыра пайдалану;  
мемлекеттік органдардың бәсекеге қарсы іс-әрекеттер;  
уәкілетті органның шешімдерді (нұсқамаларды) орындамауы немесе оны толық көлемде орындамауы;  
егер мұндай рұқсат бар болуы қажет жағдайда, уәкілетті органның тиісті рұқсатын алмастан экономикалық шоғырлану;  
белгіленген мерзімде уәкілетті органға ақпаратты бермеуі немесе толық көлемде ақпаратты бермеуі;  
уәкілетті органға сенімсіз және (немесе) жалған ақпаратты беру;  
уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының өз функцияларын орындауы кезінде үй-жайға және аумаққа кіруіне кедергілер жасау;  
келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы келісілген шешім болған талаптар мен міндеттемелерді келісімге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға қатысушылардың орындамауы болып табылады.

### **38-бап. Уәкілетті органның шешімдерін (ұсынымдарын) орындау міндеттілігі**

1. Нарық субъектілері, мемлекеттік органдар осы Заңды бұзған кезде:

- 1) уәкілетті органның нұсқамаларына сәйкес бұзушылықтарды тоқтатуға және оның салдарларын жоюға, бастапқы жағдайды қалпына келтіруге, шартты бұзуға, нарықтың басқа субъектісімен шарт жасауға немесе оған өзгерістер енгізуге, Қазақстан Республикасының уәкілетті органының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасына сәйкес келмейді деп таныған кесімді жоюға, нұсқамамен көзделген өзге іс-әрекеттерді орындауға;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес келтірілген

ш ы ғ ы н д ы

ө т е у г е ;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік шара қолдану туралы уәкілетті органның қаулысын о р ы н д а у ғ а ;

4) Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңын бұзу нәтижесінде алынған монополиялық табысты республикалық бюджетке а у д а р у ғ а м і н д е т т і .

2. Осы Заңның 7-бабында көрсетілген талаптарды бұзу сот тәртібімен уәкілетті органның талап-арызы бойынша рынок субъектілеріне таратуға дейін шаралар қабылдау үшін негіз болып табылады.

### **39-бап. Осы Заңды бұзушылық үшін жауаптылық**

Осы Заңды бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

## **11-тарау. Қорытынды ережелер**

### **40-бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

2. "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 қаңтардағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 ж., N 2, 13-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*